QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
ULTTYQ MÝZEIÍ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (100)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексенәліұлы – PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Ғылманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АРТЫҚБАЕВ Жамбыл Омарұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ЫБЫРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

СҰРАҒАНОВА Зүбайда Қабиқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф (Қазақстан)

БЕКНАЗАРОВ Рақым Ағыбайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ФАЙЗУЛЛИНА Ғалия Шаукетовна – тарих ғылымдарының кандидаты, музейтанушы (Қазақстан)

БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ШЕГЕБАЕВ Пернебек Шегебайұлы – өнертану ғылымының кандидаты (Қазақстан)

РОМАНОВА Екатерина Назаровна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей Федерациясы, Саха Республикасы)

АЙТПАЕВА Гулнара Амановна – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

СТАВСКАЯ Людмила Георгиевна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қырғызстан)

АНДРАШ Биро Жолт – антрополог (Мажарстан)

ОСМАН Каратай – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Музей өмірі / Жизнь музея

«Берел» ғылыми-зерттеу қоры 4
Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің жетістіктері 6

Самашев З. Новый памятник раннесакского времени в Восточном Казахстане 8
Чугунов К.В. Раннескифский период в Центральной Азии в русле концепции культурно-хронологических горизонтов: опорные памятники и новые открытия 19
Утубаев Ж.Р. Бәбіш мола кешеніндегі жаңа зерттеулердің кейбір нәтижелері 37
Подушкин А.Н. Қаңлы мемлекетінің жоғары өнерінің сюжеттеріне интерпретация 51
Джафаров Г.Ф. О тандеме неолит – энеолит 71
Джафарова Д. Памятники Карабахской группы Ходжалы-Кедабекской археологической культуры (по материалам курганов Довшанлы – Баллукая – Ахмахи) 83
Серхан Ч. Түркиядағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енген кейбір археологиялық ескерткіштер.....101
Байтлеу Д.А., Искаков А.Ш., Акшабаева Е.Б. Памятники наскального искусства Мугалжар 107
Дарменов Р.Т. История изучения неолитических памятников северо-восточного Приаралья ... 121
Нағашбекова С.М. Ортағасырлық Түркия қолжазбаларындағы Шу, Талас өңіріне қатысты деректер 127
Шильдебаева Ж. Интересные археологические находки древнего городища Тараз 134
Жунисханов А.С. Из истории археологического изучения и предварительные итоги аварийных раскопок на территории г. Семей 140
Чотбаев А.Е., Ержанова А.Е. Жер шаруашылығымен айналысқан Ақбауыр-III қонысы 147

CONTENTS

Museum life

Research Foundation «Berel» 4
Achievements of archaeological research in Kazakhstan 6

Samashev Z. A new site of the Early Saka time in East Kazakhstan 8
Chugunov K.V. The early Scythian period in Central Asia within the concept of cultural-chronological horizons: leading sites and new discoveries 19
Utubayev Zh. Some results of research in the Babish mola complex 37
Podushkin A.N. To the interpretation of the subjects of the high art of the Kangju state 51
Jafarov G.F. About Neolithic-Eneolithic tandem 71
Jafarova D. Sites of Karabakh group of Khojaly-Gedabek archaeological culture (by the materials of the Dovshanly-Ballukaya-Ahmakhi mounds) …. 83

Serhan C. Some archaeological sıte areas ın UNESCO cultural heritage list in Turkey 101

Baitileu D. A., Iskakov A. Sh., Akshabayeva E. B. Sites of rock art of Mugalzhar 107
Darmenov R.T. History of studying Neolitic sites in the north-eastern Aral region 121
Nagashbekova S.M. Data in the medieval Turkish manuscripts related to the Talas, Shu region 127

Shildebayeva Zh. Interesting archaeological finds of the ancient Taraz settlements 134

Zhuniskhanov A.S. From the history of archaeological studies and preliminary results of emergency excavations on the territory of the city of Semey 140
Chotbayev A.E., Yerzhanova A.E. The settlement of Akbauyr-III, engaged in land farming 147

МӘДЕНИ МҰРА

https://doi.org/10.47500/2023.v13.i1.10

ӘОЖ 902(574)

Нағашбекова С.М.
«Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау
және қалпына келтіру дирекциясы» КММ
Тараз қ., Қазақстан
e.mail: *aniabdunur_2009@mail.ru*

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКИЯ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ШУ, ТАЛАС ӨҢІРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Мақалада Түркия мемлекетінде VIII ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан ежелгі Сүлеймания кітапханасында сақталған жазба деректер мен сирек кездесетін кітап қоры туралы баян етіледі. Соның ішінде IX-XII ғасырлардағы мұсылман елдері саяхатшыларының жазбалары жөніндегі мәліметтер беріледі. Тарихи еңбектер Қазақстан мен Орталық Азияның ортағасырлық тарихына қатысты маңызды дереккөздерге толы. Жазба деректер сол заманғы географиялық, этникалық, этнографиялық, экономикалық сипаттағы құнды мәліметтерден түзілген. Ортағасырлық мұсылман саяхатшыларының жазбалары Қазақстан аумағында өмір сүрген ортағасырлық мемлекеттер өмірін тереңірек, негізді зерттеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *Сүлеймания кітапханасы, тарихи кітап қоры, жазба деректер, ортағасырлық мұсылман саяхатшылары, ортағасырлық қалалар: Тараз, Сус, Жікіл, Атлах, Жамұқат, Құлан, Меркі, Суяб, Баласағұн.*

Қолжазбалар мен сирек кездесетін тарихи кітап қоры жөнінен әлемдегі үш кітапханалардың бірі саналатын, VIII ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан ежелгі Түркия мемлекетіндегі Сүлеймания кітапханасы үлкен кешеннің құрамына кіретін атақты Сүлеймен сұлтан мешітінің жанында орналасқан. VII-XIX ғасырлар аралығында 73000-нан аса қолжазба, 50000-нан аса кітап жинақтаған кітапхананы аралап, өзімізге қажет дүниелерді іздестіру жұмыстарына кірісіп кеттік. Кітапханада қызмет сапасының жоғары деңгейде құрылғаны таңдандырды. Бүкіл материалдардың электронды көшірмелері жасалған. Қажет деректермен танысып, көне қолжазбаларды алу үшін Түркия білім министрлігіне өтініш бердік. Күніне жүздеген студент, ғылым ізденушілердің өтініштерін қарап, бірер күннің ішінде рұқсат берілді. Рұқсат алған соң, кітапханада іздестіру жұмысын жүргізіп, біраз қолжазбалардың түрік тіліне аударылған көшірмесін алдым. Бұл қолжазбалардың түрік тіліне аударылған нұсқаларынан кезінде қазақ жерінде көптеген елді мекендер мен қалалар дүниеге келіп, өркендегендігін оқи аласыз. Олар әсіресе, ортағасырлық керуен жолдарының бойында, оларға жақын жерде, Ұлы Жібек жолының бойында қарқынды дамып жатқан елді мекендер. Сонымен бірге Қазақстандағы археология ғылымына үлкен

үлесін қосып жүрген Мадияр Елеуовтің де археологиялық экспедиция кезінде Шу, Талас өзендері бойындағы қалалардың баламасын берген ғалым ретіндегі зерттеулері енгізілді.

Кейінгі жылдары біраз зерттеулердің ұйытқысы болған ортағасырлық қалашықтар мен олардың тіршілігі көптің назарын аударуда. Ортағасырлық кезеңде Орталық Азияда жүріп өткен саяхатшы, тарихшылар Ұлы Жібек Жолы торабында орналасқан айрықша қалалардың бірі Тараз, Испиджаб, Фараб қалаларына сипаттама беріп отырған. Қалалар тарихы туралы деректер, біздің өткеніміз турасындағы шежірелер өскелең ұрпақтың, көпшіліктің танымын кеңейту үшін жасалатын ізденіс. Соның ішінде IX-XII ғасырлардағы мұсылман елдері саяхатшыларының жазбаларын алға тартқым келіп отыр.

Ортағасырлық мұсылман саяхатшыларының жазбалары туралы қазақстандық археолог А.Н. Бернштам, В. Бартольд зерттеп, баламасын түсіндіріп кеткен болатын. Сонымен қатар К. Байпақов та Бартольдтің еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілінде түсіндірме береді.

Археология саласындағы көрнекті ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, Мадияр Елеуов ағамыз тарих факультеті археология және этнология кафедрасында жұмыс атқарған 1976-1999 жылдарда археологиялық экспедицияның құрамында далалық зерттеу жұмыстарына қатысып, Шу, Талас жерлерінде, Каратауда, Сырдария өзенінің орта ағысында ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласып, осы экспедицияның барлау тобына жетекші болды.

1982-1983 жылдарда М. Елеуов жетекшілік еткен ҚазМУ университетінің археологиялық экспедициясының барлау тобы Шу мен Талас өзендерінің жоғарғы ағысында Қырғыз КСР жерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, осы тарихи-географиялық аймақта орналасқан ұзын қорғанды Бурана, Ақсу (Баласағұн), Садырқорған қалаларында қазба жұмыстарын жүргізіп, басқа да бірқатар қалалардың тарихи-топографиясын зерттеді. Түрік жолы және оның жекелеген тармақтары туралы деректерді Киликиялық Зимархтан (568 ж.), Сюань Цзяннан (629 ж.), Тамим ибн Бахрдан, Гардизиден, Ибн Хордадбехтен, Кудама ибн Джафардан, әл Мукаддасиден кездестіреміз делінген. Ибн Хордадбех пен Кудама ибн Джафар бойынша Құланнан Суябқа дейінгі аралықта Түрік жолы бойында орналаскан 10 қала мен елді мекендер көрсетілген: Меркі (VII-XII ғғ), Аспара (VII-XIV), Нүзкет (Шыштөбе, VI-XII ғғ.), Харанжуан (Ақсу, VIII -XIV ғғ.), Жұл (Соқұлық, V-XIV ғғ.), Сарық (Новопокровка, VII-XII ғғ.), Түрік қағаны мекені (Шөміш, VII-X ғғ.), Кирмирау (Милянфан, VII-X ғғ), Навакет (Қызылөзен, V-XII ғғ.), Бунджикет (Қысымшы, VII-XIII ғ. басы), Суяб (Ақбешім, V-XIV ғғ). VI-X ғғ. жазба деректердің хабарын басшылыққа ала отырып, Түрік жолының Испиджаб (Сайрам) – Суяб (Ақбешім) аралығындағы торабына және оның жүйесіне кіретін керуен жолдарына тоқталады (М. Елеуов, 2016: 6-7). Осы жерде Кысмышы ортағасырдағы Бунджикес қаласымен баламаланғанын көруге болады. Ортағасырлық саяхатшы, «Ахсену'т-техасим» еңбегімен танымал ислам географы әл-Мукаддаси Бунжикес қаласы туралы былай дейді: «Бунжикес – Бұл Усрушененің астанасы, халқы тығыз, құнарлы және үлкен қала. Оның өзендері үлкен, халқы көп. Ол жүзім бақтарымен қоршалған. Олардың үйлері Шаштың үйлері сияқты көздің жауын алады; бірақ кедейлер тұратын үйлер тып-типыл. Оның ішкі сарайы және екі қақпасы бар: Жоғарғы қақпа және төменгі қақпа. Мешіт қала ішінде, ал қала сыртында. Оның маңында халық тығыз орналасқан және төрт жол бар: Замин жолы, Мерсменде жолы, Нучекес жолы және Кехлебаз жолы. Қаланың сыртында ағып жатқан үлкен өзендерге сәйкес алты бұлақ қала арқылы өтеді. Бұл керемет және тамаша қала» (*Д.* Ахсен Батур, 2015: 282).

X ғасырда араб географтарының классикалық мектебі қалыптасып, «Жолдар мен елдер» (ал-массалик ва-л-мамалик) атты көптеген еңбектер жарық көрді. Академик В. Бартольд X ғасырды «Араб географиялық әдебиетінің шарықтаған шағы» деп атады.

Ибн Хордарбек Испиджабтан Шарабқа дейінгі қашықтық (4 фарсах) 24 шақырым. Осы жерден Бедухкетке (Будахкет) дейін (5 фарсах) 30 шақырым, ол жерден Темтаққа (Түркібасы) дейін (4 фарсах) 24 шақырым, одан Абаркаққа (Мыңбұлақ) дейін (4 фарсах) 24 шақырым, одан өзен жағасындағы Мензилге дейін (6 фарсах) 36 шақырым. Абаркак (Абарджаж) деген жерде мың бұлақ (су бұлақтар) бар және бұл бұлақтар шығысқа қарай ағады. Шығысқа қарай ағатын бұл бұлақтар «Беркуваб» деп аталады. Бұл сөз «балықтың түсі бірте-бірте қараланып

барады» дегенді білдіреді және «теріс» деген мағынаны білдіреді. Содан кейін жол осы жерден Кувикетке (Джувикет) қазіргі Бектөбе қалашығына дейін созылады, ал бұл қашықтық бес фарсах. Зерттеулерде Бектөбе қаласы Джувикат деген атпен аталады. Бұл жерден Таразға (3 фарсах) 18 шақырым. Испиджабтан Таразға дейінгі қашықтық барлығы (26 фарсах) 156 шақырымды құрайды. «Тараздан кейін Күйкет деген қала келеді. Тараздан Күйкетке дейінгі қашықтық (7 фарсах) 42 шақырым. Бұл жерден Мелики Қимақ деген жерге дейінгі қашықтық жаяу 80 күн. Бұл жолмен азық-түлік өнімдері тасымалданады. Бұл Тараздан Нушеканю Суфлаға дейін (3 фарсах) 18 шақырым. Бұл жерден Қасрайбасқа (2 фарсах) 12 шақырым. Қасрайбас – Қарлұқтардың қыстағындағы Шермия деп те аталатын жер. Қалаштың қыстақтары да осында». Бұл ортағасырлық Касрибас қаласы (Ақыртас) деген нұсқалар бар. Жақын жерде үлкен құрылыс салу үшін тас өндірілген карьері бар тау бар. Одан кейін Күлшүб (Өрнек) деген жер келеді. Қасрайбастан Күлшүб деген жерге дейін (4 фарсах) 24 шақырым. Осы жерден Джулшубқа (4 фарсах) 24 шақырым, ол жақтағы байлар қоныстанған Құланға (4 фарсах) 24 шақырым, үлкен елді мекен Берқаға (4 фарсах) 24 шақырым, Есбераға (Аспараға) (4 фарсах) 24 шақырым, ол жерден үлкен елді мекен болып табылатын Нүзкетке (8 фарсах) 48 шақырым (В. Бартольд, 1897: 37-39).

Нүзкетті В. Бартольд Ақсумен, ал А. Бернштам мен К. Байпақов Шыштөбе қаласымен баламалайды, одан Нүзкет сияқты үлкен елді мекен болып табылатын Харанжуванға (4 фарсах) 24 шақырым. Харанжуванды А. Бернштам, Г. Пацевичтер Ақтөбемен, ал К. Байпақов Ақсу қаласымен баламалайды. Одан Күлға (4 фарсах) 24 шақырым. Күл, Жүл – Соқұлық. Жүл Харанжуваннан 4 фарсахта орналасқан үлкен елді мекен. Жүлдің В. Бартольд Пішпек (қазіргі Бішкек қаласынан шығыста) қаласымен, ал Томашек пен В. Горячева Бішкек қаласымен баламалауды ұсынды. Байпақов Жүлдің (Жулюл) XIV ғ. дейін өмір сүргенін ескере отырып, оны Соқұлық қаласымен баламалап жүр. Одан (7 фарсах) 42 шақырым Сарығқа дейін, ол да үлкен елді мекен. Сарық Жүлден 7 фарсахта орналасқан үлкен елді мекен. А. Бернштам Сарықты Қызыл өзенмен, ал К. Байпақов болса оны Ала арша өзенінің сол жағасында орналасқан Грозненск қаласымен баламалайды. Зерттеушілер Жүлден шыққан Түрік жолы шығысқа қарай жалғаса берген, сөйтіп арада 35 шақырым өткенде Новопокровка қаласына жеткен. Новопокровка осы аралықтағы бірден-бір үлкен, әрі тарихи-топографиялық құрылымы күрделі қала. Бұл қаланы К. Байпақов Кирмираумен, ал В. Горячева болса, түрік қағанының астанасымен баламалайды. Новопокровканың үлкен, әрі тарихи-топографиялық құрылымы күрделі қала екендігін және осы төңіректе (оңтүстікте 8 км жерде) Сары жон аталатын елді мекен барын ескере отырып, оны жазба деректегі Сарық қаласымен баламалады. Бұл қалалар жазба деректерде: Нүзкет (Шыштөбе), Харон (Ақсу, Ақтөбе), Сарық (Новопокровка), Суяб (Баласағұн).

«Бұдан кейін Хакан ет-Туркеши қаласы бар. Бұл қала Сарықтан (4 фарсах) 24 шақырым қашықтықта орналасқан. Хакан эт-Туркеши (Шөміш) қаласынан Навакетке (Қызыл өзен) дейін (4 фарсах) 24 шақырым». П. Кожемяко Шөміш қаласы Шу өзенінің сол жағасында орналасқан тарихи-топографиялық құрылымы күрделі, бекініс-қамал қала екенін басшылыққа ала отырып, оны Түрік қағанының мекені (астанасы) деген пікірге тоқталады. Навакет түрік қағаны мекенінен 4 фарсахта орналасқан үлкен қала, онан Барсханға жол шығады. Навакетті А. Бернштам Орловкамен, ал К. Байпақов әуелі Қысымшымен, кейіннен Қызыл өзен қаласымен баламалаған.

«Навакеттен Кубалға дейін (3 фарсах) 18 шақырым. Нушекану осы жерден кейін келеді. Бұл Қытай аймағының шекарасында орналасқан қала. Кубалдан Нушекануға дейін керуендер жаяу 15 күнде тегіс жерге жетеді. Нушеканудан кейін Тоғызғұз ханының қаласына жеттік. Тоғызғұз ханның қаласы жаяу 3 айлық жерде. Бұл жер ірі елді мекендер мен халық ретінде түріктерден тұрады. Олардың арасында мәжусилер (отқа табынушылар) бар және олар отқа табынады. Оның билеушілері он екі темір қақпасы бар үлкен қалада тұрады. Бұның оң жағы Қимақ, ал алдыңғы жағы Қытай жері, 300 шақырым қашықтықта. Тоғызғұз патшасының сарайының төбесінде жүз адам сиятын, бес елден көрінетін биік тұрақ бар. Қимақ билеушілеріне келсек; олар шатырларда отырады және жайылымды кезеді» (М. Елеуов, 2016: 20,23).

Ибн Хордадбех енді қыпшақтарды кимектерден бөлек атап өтеді. «Худуд ал-алам» кітабында қыпшақтарды кимектерден бөлініп, қарабайыр өмір салтын ұстанған халық ретінде көрсетеді. Кимектердің батыс өңіріне қоныстанған қыпшақтар әлі күнге дейін кимектермен саяси байланыстарын сақтап келеді. Қыпшақ билеушісін кимек ханы тағайындады. Қыпшақтар мен кимектердің жақындығын айтатын Махмұд Қашғари қыпшақтардың өздерін кимектер санамайтындығына, кимектермен тек шығу тегі бойынша ғана байланысты екендігіне назар аударады. Сонымен, барлық көне деректер қыпшақтардың VI-XI ғасырларда кимек тайпалары одағының (кейіннен мемлекетке) құрамында болғанын көрсетсе де, бұл байланыстың әртүрлі этникалық аймақтарда бірдей болмағанын және олардың арасында айырмашылықтар болғанын көрсетеді. Шаруашылық және тұрмыс-тіршілігі жағынан екі тайпа. Бұл екі руды тура бір деп ойлау қате. Ортағасырлық деректер бұл екі тайпаны тек туысқан тайпалар ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Қымақтар немесе кимектер, Батыс Көктүрік қағанаты ыдырағаннан кейін орта ғасырда Солтүстік Алтай таулары мен Ертіс өзенінің төңірегінде өмір сүрген түрік халқы (Б. Көмеков, 2002: II, 767).

«Бұл жер мен Тараздың арасы тақыр жерде 81 күндік қашықтық. Түріктердің аймағына келсек: Тоғызғу елдері түрік елдерінің ішіндегі ең үлкені. Олардың шекаралары Қытай, Тибет, Қарлұқтар, Қимақтар, Оғыздар, Печенегтер, Түркештер, Қыпшақтар және Қырғыздарға дейінгі аумақты қамтиды. Қарлұқтар мен Қалаштар өзеннің бергі тарапында. Фараб қаласына келетін болсақ, бұл жерде мұсылмандардың, сонымен қатар Қарлұқ түріктерінің айрықша қарулары бар. Түріктердің қалаларының жалпы саны алпыс» (М. Елеуов, 2016: 39).

Хордадбех былай деп жазады: «Ал Фараб қаласында бір мезгілде мұсылмандар мен қарлұқ түріктерінің топтары бар». IX ғасырдың аяғы – X ғасырдың басында астанасы Янгикент қаласы болған Сырдария оғыздарының билігі құрылды. Оғыздар Сырдарияның орта ағысын, Арыс алқабын және Қаратаудың етегін алып жатты. Сауран, Сүткент, Арсубаникет, Карачық, Фараб қалалары оларға бағынды. Осы орайда Фараб ауданының астанасының рөлі Кедерге ауысқан. Бұл 70 мыңға дейін әскер жинай алатын үлкен қала болды, оның Шахристанда орталық мешіті, Рабадта базарлары болды» деп баяндалады (М. Елеуов, 2016: 39-41).

Тараз – бау-бақшасы, үлкен бекінісі бар, әдемі, гүлденген қала. Қала сыртында сай-салалары, маңында ағып жатқан өзендері бар. Мешіті базар ішінде. Өзеннен өтетін көпірлері бар. Кейбір бекіністер өзеннің арғы бетінде орналасқан (Д. Ахсен Батур, 2015: 279).

Тараз қаласының тұрғындары жайында мынадай жазба бар: «Түркістаннан Шаш аймағының ең шалғай нүктесіне дейін Ислам елдерінің шекарасы. Өйткені одан өткен соң қарлұқтардың шатырлары орналасқан аймаққа кіресің. Бұл жер жұмақ сияқты, адамдары өте сымбатты және бұл жерде олардан әдемі ешкім жоқ. Ерлердің де, әйелдердің де жүздері әдемі» деп сипаттайды (Асару-л Билад, 544).

Жикил (Шігіл, Жікіл –Тараздан айқайласа адам дауысы жетерлік жердегі кішігірім елді мекен. Тараздың оңтүстік-шығысынан 3 километр жердегі Жалпақтөбені кезінде Г.И. Пацевич Жікілдің орны деп анықтаған). Тараздан 5 шақырым қашықтықта орналасқан қала. Базары бар. Ішінде мешіті бар. (Д. Ахсен Батур, 2015: 279-280). Жалпақтөбеде 1960–63 жылдары Т.Н. Сенигова басқарған Тараз Археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу кезінде табылған бұйымдар (қыш ыдыстар, дән үгіткіштер табылған. Тараз қаласының 8–9 ғасырларға жататын құрылыс қабатынан шыққан заттарға өте ұқсас.

Махмұд Қашғари Чикил есімінің қайдан шыққаны туралы қызықты аңыз айтады. Ескендір Зұлқарнайын өз әскерімен осы жолмен келе жатқанда нөсер жаңбырдың кесірінен бұл жерді лай басып қалғаннан батпақтан шыға алмай қалады. Ескендір «Шұғыл шыға аламыз ба?» (Бұл қандай балшық?) деді. Ол жерге белгі салуды бұйырды және онда тұратын халық «Чикил» (Чигил) деп аталды (Д. Ахсен Батур, 2015: 279).

Чигил: Бұл үш түрік қауымының атауы. Солардың бірі – Құяста тұратын көшпелілер тобы. Құяс – Барсханнан кейінгі шағын қала. Екіншісі – Тараз маңындағы Шігіл деген қала. Бұл атау осы қаланың атынан шыққан... Оғыздар елі осында іргелес жатқанда чигилдермен үздіксіз соғысып отырған. Осы себепті олардың арасындағы дұшпандық

біздің заманымызға дейін жалғасты. Оғыздар Джейхуннан Жоғарғы Қытайға дейінгі аумақта тұратын барлық түріктерді Чигил деп атады. Үшіншіден, Қашқардағы кейбір ауылдар Чигил деп аталады. Олардың адамдары да бір жерден тараған (К. Байпақов, 2005: 26).

Барсхан – шығысқа қарай екі тас лақтырымдай жерде кішігірім қала. Қорғаны бұзылған халде.

Балу – Барсханнан үлкендеу қала, Чигилден солтүстік тарапына қарай жарты фарсах (шақырым) қашықтықта. Маңайында 5 қыратты елді-мекен бар.

Утлух (Атлах) – бұл Таразға жақын орналасқан үлкен қала. Оның сарайы бар. Қала жүзімдіктермен қоршалған, көбінесе жүзім ауылдық жерлерде өсіріледі. Оның мешіті қалада, базарлары қала шетінде.

Жемукет (Қостөбе) – ішінде мешіті, қорғаны бар. Базарлары шетінде.

Шілжі – шағын қала болғанымен, шетелдіктер көп, он мың исфахандықтар бар дейді. Оның ішкі сарайы бар, ал мешіт оның сыртында. Екі таудың арасында жатқан қаланың жанынан өзен ағып өтеді, осы өзеннің орта ағынында жеті ауыл бар.

Сус – үлкен бір қала. Тікелей жақын жерде орналасқан Күл одан кішірек, екеуінің де сарайы мен бұлақтары бар.

Текабкес – бұл үлкен қала, бірақ халқының жартысы пұтқа табынушылар. Бұл үш қала күміс кеніштері орналасқан тауларға қарама-қарсы орналасқан.

Құлан – бұл бекіністі қала. Мешіт бар. Бірақ ол бұзыла бастаған. Таразға апаратын басты жолдың бойында.

Мерке (Мирки) – бұл құлып пен цитаделі бар орташа қала. Оның мешіті бұрын шіркеу болған (Д. Ахсен Батур, 2015: 278-280).

Талас алқабына Тараз, Сус, Жікіл, Атлах және Жамұқат; Шу алқабына Құлан, Меркі, Суяб, Баласағұн қалаларын жатқызамыз.

Міне, ортағасыр саяхатшыларының қолжазбаларындағы елді мекендердің орналасу ретіне қарай Тараз (Талас), Мерке, Құлан аймақтары жайында жазылған сипаттамаларынан көптеген елді мекендер тіршілік етіп, өз кезеңіндегі дамыған аймақтар болғандығын байқауға болады.

Түрік жолының негізгі торабы Шу өзенінің сол жағасымен жүріп отырып Суябқа (Кубалға), содан соң Сагур Кубалға, онан әрі Ыстық көлге өткен. Суябтан солтүстікке қарай шыққан бір жол Шортөбе қаласы маңында Шудан өтіп, Қастек тауын батыс жағынан айналып барып Керу шатқалына кіре берісте, Бунджикеттен шығып, Іле өңіріне өтетін жолға қосылғандығы туралы М. Елеуов зерттеп, пікір білдірген.

«Сонымен бірге, Талас пен Шу өңірлеріндегі көптеген қалалар мен елді мекендер арқылы жүріп, ондаған үлкенді-кішілі керуен жолдарын қиып өткен. Түрік керуен жолы Шу өзеніне жеткенде екі бағытқа ажыраған: Іле өңіріне және Ыстықкөлге. Іле өңіріне Сарытан шыққан Қордай жолымен, Навакеттен шыққан Кастек жолы арқылы өтсе, ал Ыстықкөлге Суябтан (Сагур Кубалдан) және Навакеттен шыққан жолдармен өткен болса керек», – деп М. Елеуов өз еңбегінде баяндайды.

Археолог М. Елеуов далалық зерттеулердің барысында Жамбыл облысының Қордай, Шу, Мерке, Т. Рысқұлов, Байзақ, Талас, Сарысу, Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ, Түркістан және Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарында осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген, есепке алынбаған 19 ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді ашып, есепке алып, ғылыми айналымға енгізіп, қазақ жеріне тән ортағасырлық құнды деректерді анықтады.

Ортағасырлық қалалар болсын, елді мекендер болсын қазіргі таңда сол орындарға жүргізілген археологиялық зерттеулер барысы үнемі көрсетіліп, жарияланып отырса қарапайым халықтың өткенге деген құрметі, ұрпақтың тарихқа деген білімі артады.

Айта кету керек, жоғарыда аталған тарихи еңбектер Қазақстан мен Орталық Азияның ортағасырлық тарихына қатысты маңызды дереккөздер болып табылады. Мұндай тарихи әдебиеттер географиялық, этникалық, этнографиялық, экономикалық сипаттағы құнды мәліметтерді қамтиды және мемлекетіміздің өткенін одан әрі зерттеу үшін айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырады. Ортағасырлық мұсылман саяхатшыларының жазбалары Қазақстан аумағында болған ортағасырлық мемлекеттер өмірін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Демек, бұл дереккөздердің деректану ғылымына беретін маңызы Қазақстан тарихын анағұрлым толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. В. Бартольд. 1893-1894 жж Орта Азияға ғылыми мақсатпен жасаған саяхаты туралы есеп Ғылым академиясының 1893-1894 жж. VIII серия, I том, Санкт-Петербург, 1897. – 4б.
2. Әл-Мукаддаси «Ахсену't-техасим» Аударма және жазбалар. Д. Ахсен Батур, Стамбул 2015. – 85, 265, 278-282б.
3. Қазақстан ғалымдарының библиографиясы, М. Елеуов библиографиялық көрсеткіш, Алматы «Қазақ университеті», 2016. –20, 23б.
4. Мадияр Елеуов, «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары»
5. Ибн Хордадбек «Жолдар мен елдер» кітабы (Ibn Hurdazbıh Yollar ve Ülkeler Kitabı), аудармашы Murat Ağarı, Istanbul, 2008. – 37, 39б.
6. Болат Көмеков, «Кимектер», Түрік Энциклопедиясы, Стамбул, Жаңа Түркия көктемі, 2002.– II, 767.
7. V. Minorsky «Hududul-Alem Minel-Mesrik Ile l-Magrib».
8. Türkler ve türk ülkeleri Mahmud el-Kasgari «Divanu lugat el-Turk», Istanbul, Matbaa-i Amire 1333-1335. Түрік тайпалары мен тілдері. – 24-29.
9. К. Байпақов. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, 2005.
10. А.Н. Бернштам. Талас алқабының ежелгі ескерткіштері. Алматы.

References

1. V. Bartöld. 1893-1894 jj Orta Aziağa ğylymi maqsatpen jasağan saiahaty turaly esep Ğylym akademiasynyñ 1893-1894 jj. VIII seria, I tom, Sankt-Peterburg, 1897. – 4b.
2. Äl-Mukaddasi «Ahsenu't-tehasim» Audarma jäne jazbalar. D. Ahsen Batur, Stambul 2015. – 85, 265, 278-282b.
3. Qazaqstan ğalymdarynyñ bibliografiasy, M. Eleuov bibliografialyq körsetkış, Almaty «Qazaq universitetı», 2016. –20, 23b.
4. Madiar Eleuov, «Şu men Talas öñırlerınıñ ortağasyrlyq qalalary».
5. İbn Hordadbek «Joldar men elder» kıtaby (Ibn Hurdazbıh Yollar ve Ülkeler Kitabı), audarmaşy Murat Ağarı, Istanbul, 2008. – 37, 39b.
6. Bolat Kömekov, «Kimekter», Türık Ensiklopediasy, Stambul, Jaña Türkia köktemı, 2002.– II, 767.
7. V. Minorsky «Hududul-Alem Minel-Mesrik Ile l-Magrib».
8. Türkler ve türk ülkeleri Mahmud el-Kasgari «Divanu lugat el-Turk», Istanbul, Matbaa-i Amire 1333-1335. Türık taipalary men tılderı. – 24-29.
9. K. Baipaqov. Qazaqstannyñ ejelgı qalalary. Almaty, 2005.
10. A.N. Bernştam. Talas alqabynyñ ejelgı eskertkışterı. Almaty.

Нагашбекова С. М.
КГУ «Дирекция по охране и восстановлению историко-культурных памятников»
г. Тараз, Казахстан
e.mail: *aniabdunur_2009@mail.ru*

ДАННЫЕ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТУРЕЦКИХ РУКОПИСЯХ, ОТНОСЯЩИХСЯ К ТАЛАССКОМУ, ЧУСКОМУ РЕГИОНАМ

В статье представлены сведения о письменных источниках и коллекции редких книг, хранящихся в библиотеке «Сулеймания», действующей в Турецком государстве с VIII века. В том числе приведены сведения о трудах путешественников из мусульманских стран IX-XII веков. Исторические труды насыщены важными источниками, связанными со средневековой историей Казахстана и Средней Азии. Письменные записи содержат ценные сведения современного географического, этнического, этнографического и экономического характера. Записи средневековых путешественников-мусульман позволяют глубже и основательнее изучить жизнь средневековых государств, существовавших на территории Казахстана.

Ключевые слова: *библиотека «Сулеймания», исторический книжный фонд, письменные источники, средневековые мусульманские путешественники, средневековые города: Тараз, Сус, Жикил, Атлах, Жамукат, Кулан, Мерке, Суяб, Баласагун.*

Nagashbekova S. M.
KSU «Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments»
Taraz, Kazakhstan
e.mail: *aniabdunur_2009@mail.ru*

DATA IN THE MEDIEVAL TURKISH MANUSCRIPTS RELATED TO THE TALAS, SHU REGION

The article presents information about written sources and a collection of rare books stored in the Suleymaniya library, which has been operating in the Turkish state since the 8th century. This includes information about the works of travelers from Muslim countries of the 9th-12th centuries. Historical works are full of important sources related to the medieval history of Kazakhstan and Central Asia. Written records contain valuable information of a modern geographical, ethnic, ethnographic and economic nature. Records of medieval Muslim travelers allow a deeper and more thorough study of the life of medieval states that existed on the territory of Kazakhstan.

Keywords: *Suleymaniya library, historical book fund, written sources, medieval Muslim travelers, medieval cities: Taraz, Sus, Zhikil, Atlakh, Zhamukat, Kulan, Merke, Suyab, Balasagun.*